

ҚАЗАҚСТАН КАПИТАЛЫН ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАРУ

Юлдашева Муниса Дехқонбойқизи

munisa.yuldasheva.00@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ауелбекова А.К.

Капиталды Қазақстаннан шетелге шығару проблемасы көптеген жылдар бойы өзекті мәселе болып табылады. Бұл процесс елдің экономикалық дамуына кері әсерін тигізеді, өйткені оны дамыту үшін экономикаға инвестициялануы мүмкін капитал шет елге шығарылады, бұл ел экономикасына тиімсіз және тұрақсыз, соның нәтижесінде халықаралық экономикалық қатынастарды дамыту үшін шетелдік инвесторлар мен серіктестерді тарту үшін қолайсыз жағдай туындайды.

Капиталдың шетке шығарылуы – бұл жүйелі түрде пайда алу және басқадай экономикалық, саяси ұтыс мақсаттарында ақшалай немесе тауар түріндегі құндылықтардың шет елге ауысуы.

Капитал қандай себептерге байланысты шетке шығарылады?

Артық капитал кәсіпкерлік пайда немесе процент алу мақсатында шетке шығарылады:


1. Капиталға деген сұраныс пен ұсыныстың тең болмауы.
2. Жергілікті нарықты монополиялауға мүмкіндік ашылады.
3. Капитал енгізілетін елде шикізат пен жұмысшы күшінің арзан болуы.
4. Тұрақты саяси жағдайдың және жалпы алғанда ыңғайлы инвестициялық климаттың болуы.

Тікелей инвестициялар бойынша капиталдың таза әкетілуі (теріс сальдо) 2019 жылғы 1-жартыжылдықта 3,7 млрд долларды (2018 жылғы 1-жартыжылдықта 4,3 млрд доллар) құрады және резиденттердің активтері қысқаруымен және міндеттемелерінің өсуімен қамтамасыз етілді [1].



Сурет 1. Қазақстанның тікелей инвестициясының шетелге кетуі

Диаграмманы талдай келе, соңғы он екі жыл ішінде ең көп инвестиция 2010 жыл шетке шығарылды. Содан кейін 2011, 2013, 2015 жылдар байқалып отыр. 2018 жыл күрт төмендеп кетіпті. Оның себептері: кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру, сәулет, инженерлік іздестіру, техникалық сынақтар және талдау саласындағы қызмет, құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, өнер, ойын-сауық және демалыс салалары үшін шетелге инвестиция құйылмады.



Сурет 2. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/ әкетуі

Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі қаржылық шотта тіркелген жеке сектордың (банктердің және басқа секторлардың) операцияларын, сондай-ақ төлем балансының баптары бойынша сыныпталмаған операцияларды (қателер мен оқшылықтар) қамтиды. 2019 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жеке сектордың капиталды таза әкелуі 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы 1,9 млрд доллар таза әкелумен салыстырғанда 3,3 млрд доллар болды (2-диаграмма).

Банктердің операциялары бойынша 2,0 млрд доллар мөлшерде капиталды таза әкету олардың активтері көбінесе шетелдік шоттарда өсуімен байланысты. Басқа секторлар бойынша 1,3 млрд доллар капиталды таза әкету банктік емес сектор кәсіпорындарының портфелінде шетелдік бағалы қағаздардың ұлғаюы есебінен өсуімен, банктік емес сектор кәсіпорындарының дебиторлық берешегі өсуімен және төлем балансында сыныпталмаған (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен операциялардың өсуімен қамтамасыз етілді [2].

Кесте 1 - Экономика секторы құрылыс саласы бойынша шетелге тікелей инвестициялардың жалпы ағыны, млн АҚШ доллары

Мемлекет атауы	2014	2015	2016	2017	2018	2019 (III)
Құрылыс	39,3	54,0	335,1	87,0	48,4	164,3
Қырғызстан	0,0	0,0	0,1	0,3	11,7	61,1
Ресей	14,7	20,9	57,8	37,6	27,0	25,3
Басқа мемлекеттер	24,6	33,0	277,2	49,1	9,8	77,9

Кестеден көріп отырғанымыздай құрылыс саласына инвестиция Ресей Федерациясына көп құйылады екен. Ең көп 2016 жылы 57,8 млн АҚШ долларын құрап отыр. Ал, Қырғызстан мемлекетіне 2016 жылдан инвестиция құйыла бастады. Төрт жыл ішінде Қырғызстанға кететін ақша ағыны 0,1 млн АҚШ долларынан 61,1 млн АҚШ долларына жетті. Басқа мемлекеттің де үлесі аз емес.

Сонда қарап отырсақ, біздің елімізден шетелге миллиардтаған АҚШ доллары шығарылып жатыр. Капиталды шетке шығару шетелдік инвестицияларға қарағанда көп болып отыр. Капиталды шетке шығарғаннан бізге келіп кетер пайда жоқ. Мысалы, соңғы бес жылдықта елден 554 млн АҚШ доллары елден шығарылып, бірақ елге қайтпады.

Қазақстан капиталы қайда кетіп жатыр? ҚР-дан 2019 жылға тікелей инвестициялардың кетуі бойынша Топ-10 ел.

2019 жылы қазақстандық инвесторлардың тікелей инвестиция құюы біршама төмендеді. 2019 жылы қазақстандық тікелей инвестициялардың жалпы ағыны \$2,5 млрд. құрады, 2018 жылғы көрсеткішпен \$1,3 млрд. салыстырғанда 2 есе жоғары.

Кесте 2 - 2019 жылы тікелей қазақстандық инвестициялардың шетелге кетуі

№	Мемлекеттер	2019	2018	Ауытқу %
1	Кипр	499,5	68,8	7,3
2	Нидерланды	368,9	108,1	3,41
3	Ресей Федерациясы	269,3	380,3	-29,2
4	Қырғызстан	85,0	61,1	1,4
5	Қытай	35,2	41,8	-15,8
6	Ұлыбритания	28,5	25,3	1,1
7	АҚШ	6,9	28,8	-76,0
8	Сербия	6,5	4,6	1,4
9	Швейцария	5,1	1,8	2,8
10	Испания	4,4	7,1	-38,0

Кестеден көріп отырғанымыздай, бірінші орында – Кипр 2019 жылы 499,5 млн АҚШ долларын құрады. Капиталдың бұл елге кетуі 2018 жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылады.

Екінші орында - Нидерланды. 2019 жылы қазақстандық инвесторлар 2018 жылғы 108,1млн. доллармен салыстырғанда Нидерланды экономикасына 368,9 тікелей инвестиция салды.

Біздің көршіміз, Ресей Федерациясы көшбасшылар үштігін жапты. Бұл елге отандық инвесторлар 2019 жылы \$269,3 млн. тікелей инвестиция салды. Рейтинг көшбасшысымен, Кипрмен салыстырғанда екі есе аз көрсеткішке қарамастан, қазақстандық инвестициялардың Ресейге кетуі айтарлықтай 2,8 есеге артты.

Қорытындылай келе, Қазақстан капиталының шетке кетуі ел экономикасының дамуына үлес қоспайды. Біз қолда бар капиталды дұрыс қолдана білуіміз қажет. Қазақстандық инвестицияларды тиімді салаларға құю керек. Бес жыл ішінде \$ 554 млн қайда кеткені белгісіз. Елден шығарылған әрбір капиталдың сомасын талдап отыру. Экономика дамуы үшін капиталды тиімді пайдалану керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- [1. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31536315#pos=3;-130](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31536315#pos=3;-130)
- [2. https://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=rus](https://www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=rus)